

**ҚАЗАҚТҰТЫНУОДАҒЫ  
ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ**

**ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КАФЕДРАСЫ**

**ЭКОНОМИКА» БІЛІМ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША  
3 КУРС ЖӘНЕ 2 ҚЫСҚАРТЫЛҒАН КУРС КҮНДІЗГІ ОҚУ  
СТУДЕНТТЕРІНЕ АРНАЛҒАН ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРІБЕ  
БАҒДАРЛАМАСЫ**


**ҚАРАҒАНДЫ – 2024**

Өндірістік тәжірибе бағдарламасы аға оқытушысы А.Р. Ибраева және э.ғ.к., доцент А.Т.Абдикаримова 2024 жылғы 01 наурыздағы Қазақтұтынуодағы ҚарУ-дің ПРВ-112-2024 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу ережелері негізінде әзірледі.

Тәжірибе бағдарламасы «Экономика» білім бағдарламасы бойынша академиялық комитетінің отырысында талқыланды.

Хаттама №2 «10» мамыр 2024 ж.

Кафедра меңгерушісі PhD, доцент



Невматулина К.А

## МАЗМҰНЫ

1. Нормативтік сілтемелер	4
2. Тәжірибенің мақсаты мен міндеттері	4
3. Тәжірибенің объектілері мен өтетін орны	5
4. Тәжірибені ұйымдастыру	5
5. Тәжірибе жетекшісінің міндеттері	5
6. Студенттің міндеттері	6
7. Оқу тәжірибенің бағдарламасы	7
8. Оқу тәжірибенің есепті құрастыру бойынша әдіснамалық нұсқаулықтар	10
9. Тәжірибе нәтижесін қорытындылау	10
10. Қосымша	11

## **1. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

1. 27.07.2007 ж. ҚР "Білім туралы" Заңы 5-баптың 46-11-тармақшасы (өзгерістермен және толықтырулармен).

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты.

3. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы, 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 (өзгерістермен және толықтырулармен).

4. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығымен (өзгерістермен және толықтырулармен) бекітілген Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы.

5. Кәсіптік стандарт: «Ресурстарды жоспарлау және талдау саласындағы қызмет» Қазақстан Республикасы Ұлттық Кәсіпкерлер палатасы Басқарма төрағасының орынбасарының 26.12.2019 №263 бұйрығына №85 қосымша.

6. Қазтұтынуодағы ҚарУ Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім алушылар үшін практиканы ұйымдастыру және өткізу қағидалары, 2024ж.

## **2. ТӘЖІРИБЕНІҢ МАҚСАТЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

Өндірістік тәжірибе – студент мамандық міндеттерін нақты, тәжірибеде жүзеге асыруы үшін базалық және профильдік циклдағы пәндер бойынша теориялық білімін нығайтуға бағытталған, студенттердің болашақ білім бағдарламасы бойынша кәсіби және ұйымдастырушылық жұмысының озат тәжірибесін игере отырып және тәжірибелік дағдыны үйренуі бойынша кәсіби тәжірибенің бір түрі.

Өндірістік тәжірибенің мақсаты - студенттердің оқитын білім бағдарламасы бойынша негізгі құзыреттерді, Тәжірибелік дағды мен кәсіби қызметтің тәжірибесін нақтылау.

Өндірістік тәжірибенің міндеттері:

1. Кәсіпорынның ұйымдастырылуымен, оның құрылымымен, кәсіпорын жұмысының ерекшелігімен және оның барлық бөлімдерінің басты қызметімен танысу.

2. Кәсіпорынның экономикалық жұмысын ұйымдастыруды зерттеу, осы жұмысқа сипаттама беру және оны жетілдіру бойынша өз ұсынысыңызды беру.

3. Әртүрлі материалдарды, құжаттарды, ақпараттарды қалыптастыру мен өңдеуге қатысу.

4. Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметімен байланысты сұрақтары бар жиналастарға қатысу.

5. Тәжірибе бойынша есеп жасауға қажетті материалдарды іріктеу және оларды жүйелендіру.

### **3. ТӘЖІРИБЕНІҢ ОБЪЕКТИЛЕРІ МЕН ӨТЕТІН ОРНЫ**

Тәжірибенің базасы болып оқитын мамандықтың пофиліне сәйкес ұйымдар (немесе ұқсас ұйымдар) саналады. Өндірістік тәжірибенің объектілері болып заңды тұлғалар - әртүрлі меншік иелігіндегі шаруашылық субъектілері бола алады. Бұлардың қатарына шағын, орта және ірі бизнестің мынадай үлгідағы субъектілері жатады: Акционерлік қоғамдар, ЖШС, өндірістік кооперативтер, аралас кәсіпорындар, фирмалар, ассоциациялар, бірлестіктер мен компаниялар жатады.

### **4. ТӘЖІРИБЕНІ ҰЙЫМДАСТЫРУ**

Студенттердің өндірістік тәжірибелерін ұйымдастыруды және оқу-әдістемелік басқаруды экономика және кәсіпкерлік кафедрасы білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес жүзеге асырады және кәсіптік стандарттардың талаптарына сәйкес білім алушыларда кәсіби маңызды іскерлікті қалыптастыруға және арнайы құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Университет атынан тәжірибе базасының кәсіби білім бағдарламасы мен қызметін жақсы білетін профессорлар, доценттер, тәжірибелі оқытушылар тағайындалады.

### **5. ТӘЖІРИБЕ ЖЕТЕКШІЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ**

#### **5.1 Қазақтұтынуодағы ҚарУ-дің тағайындалған тәжірибе жетекшісі:**

- тәжірибе басталғанға дейін студенттердің тәжірибеге қажетті даярлығын ұйымдастыруға, өндірістік тәжірибе бағдарламасына сәйкес консультациялар өткізуге;
- өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар кестесін (**1-қосымша**) тәжірибе бағдарламасына сәйкес әзірлеуге, оны тәжірибе базасы – кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісімен келісуге;
- студенттерді шартта көрсетілген оның міндеттерімен таныстыруға;
- өндірістік тәжірибеге жіберу кезінде, білімгерге бағдарлама, өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін, өндірістік тәжірибеден өту туралы күнделік-есепті (**1-қосымша**) беруге;
- тәжірибеден өтуге мерзімді бақылауды жүзеге асыруға;
- білімгердің тәжірибе базасы қызметкерлері үшін міндетті еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережелерін сақтауын қамтамасыз етуге;
- білімгердің тәжірибеден өту күнделіктерін толтыруына тексеру жүргізуге;
- қажет болған жағдайда кәсіпорын – тәжірибе базасы қызметкерлеріне, өндірістік тәжірибені ұйымдастыруда және өткізуде әдістемелік көмек көрсетуге;
- тәжірибе бойынша студенттер есептеріне тексеру жүргізуге;

- комиссиямен бірлесіп, өндірістік тәжірибеден өту туралы студент есебін қорғауды қабылдауға міндетті.

## **5.2 Кәсіпорынның тәжірибе жетекшісінің міндеттері:**

- жасалған екіжақты шарттар негізінде білім алушылардың практикасын ұйымдастыру (жоғары оқу орындары - кәсіпорын);

- білім алушыларға бағдарламаға сәйкес практика орнын ұсыну;

- тәжірибеден өтушілерге тәжірибе бағдарламасына, өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесіне сәйкес білікті жетекшілікті жүзеге асыруға;

- білімгерге жұмыс қауіпсіздігі жағдайын (техника қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау бойынша міндетті нұсқаулар өткізумен) қамтамасыз ету және қажетті жағдайларда білімгерді еңбектің қауіпсіз әдістеріне оқытуға;

- тәжірибеден өтушіге түсіндіруге және олардан жұмыстардың уақытылы және сапалы орындалуын талап етуге;

- тәжірибеден өтушіге баға қоюға, үлес салмағы қорытынды бағаның (тәжірибе күнделігі, **2-қосымша 4-форма**) 40%-ын құрайды;

- тәжірибе аяқтағаннан кейін әрбір тәжірибеден өтушінің жұмысы (тәжірибе күнделігі, **2-қосымша 1-форма**) туралы жазбаша мінездеме беруге;

- жұмыс берушілерге арналған сауалнаманы толтыру (**4-қосымша**).

## **6. СТУДЕНТТИҢ МІНДЕТТЕРІ**

- тәжірибе базасының бағынысына тәжірибеден өтуге белгіленген мерзімде келуі;

- өндірістік тәжірибе бағдарламасы мен өндірістік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесін толық орындауы (**1-қосымша**);

- тәжірибеден өту күнделік-есебін жүргізуі (**2-қосымша**), оған мыналар кіреді:

- тәжірибе базасы және жетекшілері туралы жалпы мәлімет (**2-форма**);

- кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің студентке берген мінездемесі (**3-форма**);

- кәсіпорыннан тағайындалған тәжірибе жетекшісінің бағасы (**4-форма**).

- тәжірибе базасының қызметкерлері үшін міндетті, өндірістік тәжірибе орнында еңбек тәртібін, ішкі тәртіп ережесін, техника қауіпсіздігі мен өндірістік тәртіп ережесін сақтауы;

- Қазақтұтынуодағы ҚарУ- ден тағайындалған тәжірибе жетекшісіне өндірістік тәжірибеден өту туралы құжаттар пакетін:

- өндірістік тәжірибеге Жолдамаға «келу және кету туралы белгіні»;

- бүкіл тапсымалардың орындалғаны туралы тәжірибе базасының жетекшісі қол қойған күнделік-есепті;

- тәжірибе бағдарламасының орындалғанын көрсететін, тәжірибе туралы жазбаша есепті тапсыруы тиіс. Өндірістік тәжірибе бойынша есептің бірінші бетін ресімдеу үлгісі (**3-қосымшада**) көрсетілген. Есептің мазмұны мен ресімделуіне қойылатын талап өндірістік тәжірибе бағдарламасында жазылған.

## **7. ТӘЖІРИБЕ БАҒДАРЛАМАСЫ**

### **ӨНДІРІСТІК ТӘЖІРИБЕ ӨТУ ТУРАЛЫ БАҒДАРЛАМАНЫҢ МАЗМҰНЫ**

#### **Тақырып 1. Кәсіпорынның шаруашылық қызметін зерттеу**

Практика кәсіпорынның жалпы өндірістік үрдісімен, технологиялармен және негізгі қызметінің бағытыментанысудан басталады. Кәсіпорын атынан бекітілген практика жетекшісі студенттерді кіріспе нұсқаулықпен және кәсіпорынның бөлімдері бойынша экскурсия ұйымдастырады. Осыдан кейін студент кәсіпорынның Жарлығы мен оның қызметін реттейтін өзге де нормативтік-құқықтық құжаттарды қарастырады.

Студенттер кәсіпорынды құру тәртібімен (субъектінің құқық мәртебесін растайтын құжаттардың көшірмелерін тіркеу), оның меншік нысанын сипаттауы қажет.

#### **Тақырып 2. Кәсіпорынның экономикалық жұмысын ұйымдастыру**

Кәсіпорынның экономикалық жұмысын ұйымдастырумен және оның негізгі бөлімшелерімен танысу.

Кәсіпорын жұмысының негізгі әлеуметтік-экономикалық көрсеткіштерін зерттеу.

Қазіргі есеп пен статистиканың әрекет етуші формасы мен оларды құрастыру тәртібімен танысу.

Кәсіпорынның басқару құрылымын қарастыру (кәсіпорынның ұйымдастыру құрылымын қалыптастырыңыздар, құрылымдарына сипаттама беріңіздер, қызметтік бөлімшелер туралы ережелердің, лауазымдық міндеттемелері бойынша нұсқауларының көшірмесін тіркеу)

#### **Тақырып 3. Кәсіпорынның ресурстары, оның ипаттамасы мен пайдалану бағасы**

Кәсіпорынның негізгі капиталын зерттеңіз. Кәсіпорынның негізгі құралдарының тозуы мен негізгі капиталының амортизациясын қарастыру. Амортизацияны есептеудің әдістерін зерртеу.

Келесі берілген негізгі құралдардың мәліметтері негізінде келесі көрсеткіштерді есептеу: оларды пайдаланудың тиімділік көрсеткіштерін (қорқайтарымдылығы, қорсыйымдылығы, қоррентабельділігі, қорқарулануы); қозғалыс көрсеткіштері: (негізгі қорды жаңарту коэффициенті, негізгі қордың істен шығу коэффициенті, негізгі қордың өсім коэффициенті, жарамдылық коэффициенті, тозу коэффициенті).

Бекітілген активтер мен материалдық емес активтерді зерртеу.

Айналым капиталын қаржыландыру көздерін зерттеу. Айналым қорының айналымдылығын қарастыру. Айналым капиталы бойынша айналым қорының қажеттілігін күн және рет есебінде анықтау: өндірістік қорды, аяқталмаған өндірісті және дайын өнімді қалыптастыру.

Кәсіпорын персоналын зерттеу (бұл материалдарда кәсіпорынның жұмысшыларды жалдау, қызметкерлерді іріктеу, персонал құрамы мен персоналдың қозғалыс процесін сипаттайтын көрсеткіштерді есептеу). Еңбек ресурстарын пайдалануын қарастыру және еңбек өнімділігінің көрсеткіштерін есептеу

#### **Тақырып 4. Кәсіпорын қызметкерлеріне ақы төлеу**

Кәсіпорынның кадрлық саясатын, персоналды басқару тұжырымдамасын қарастыру.

Түрлі санаттағы жұмыскерлердің лауазымдық оклады мен тарифтік мөлшерлемені белгілеу тәртібін зерттеу (бөлімше мысалында), оны белгілеу әдісін көрсету, сәйкес материалдарды қосымшаға тіркеңіз.

Кәсіпорын жұмыскерлерінің еңбекақы төлеу мен сыйлықақы (ынталандыру) туралы ережесін қарастыру (белгілі бір кезеңде жұмыскерлердің түрлі санаттағы еңбек ақыны есептеуін көрсету (есептерді тіркеу және оған сипаттама беру).

#### **Тақырып 5. Кәсіпорынның инвестициялық және инновациялық қызметі**

Кәсіпорынның инвестициялық қызметі мен инвестицияларды қаржыландыру көздерін қарастыру. Инвестициялық жобамен, оның мазмұнымен, өңдеу және жүзеге асыру кезеңдерімен танысу. Кәсіпорынның инвестициялық қызметінің стратегиясын қарастыру. Инновациялық үрдісті, жаңашылдықты енгізудің құрылымы мен басқаруын зерттеу. Кәсіпорында инвестициялық және инновациялық жобалардың портфелін құру үрдісімен танысу.

#### **Тақырып 6. Өндіріс және өнімді сату шығыны**

Кәсіпорын шығынын есептеу, кәсіпорын материалдары бойынша шығын есебін жалпы және баптары бойынша есептеу. Өндірістің және өнімді өткізу шығынын есептеу әдіснамасымен танысу. Шығынға әсер ететін факторларды (көлем мен құрылымның, бағаның, сапаның және т.б. өзгеруі) есептеу. Үстем шығынды бөлу әдісін және басқару шешімін қабылдауды зерттеу. Өндірістегі шығын сметасын құру тәртібі мен өнімнің өзіндік құнын калькуляциялау әдісін қарастыру және өзіндік құнды жоспарлауды зерттеу.

#### **Тақырып 7. Кәсіпорын қызметін жоспарлау**

Кәсіпорындағы жоспарлау процесін қарастыру. Жоспарлау сызбасын зерттеу: кәсіпорындағы жоспарларды құрастыру және бекіту.

Кәсіпорынның ағымдағы және жедел жоспарлауды ұйымдастыруымен танысу. Жылдық жоспарды, оның құрылымын зерттеу. Түрлі типтегі өндірістің жедел-өндірістік жоспарын, оның түрлерін, жедел-өндірістік жоспардың жүйесін негіздеуді және іріктеу әдісін қарастыру.



Кәсіпорын қызметінде қолданылатын нормалар мен нормативтермен танысу және оларға сипаттама беру. Материалды және еңбек нормативтерін, олардың түрлерін, қолданылуы мен бағытталуын зерттеу.

Кәсіпорындағы стратегиялық жоспарлау процесімен танысу, сонымен қатар оның құрылымы мен мазмұнын зерттеу.

Кәсіпорындағы стратегиялық талдауды және оны өткізу әдісін зерттеу.

Кәсіпорынның сыртқы ортасы мен ішкі мүмкіндіктерін талдау, кәсіпорынға SWOT-талдау жасау.

Бизнес-жоспарды құрылуын қарастыру. Бизнес-жоспардың негізгі бөлімдерінің мазмұны мен құрылымын зерттеу. Кәсіпорында бизнес-жоспарды жүзеге асыру процесімен танысу.

### **Тақырып 8. Кәсіпорынның маркетингтік және өндірістік қызметі**

Кәсіпорынның маркетингтік жұмысын зерттеу және кәсіпорынның маркетингтік стратегиясынан тандау мен жүзеге асыруды қарастыру.

Кәсіпорынның өндірістік бағдарламасын негіздеуді, өндіріс қуатын жоспарлауды, ресурсқа деген қажеттілікті зерттеу. Өткізуді ынталандыру мен жарнаманы басқару бағдарламасымен, өнімді бөлу мен өткізуді басқару бағдарламасының мазмұнымен танысу.

Кәсіпорынның еңбек ресурсына деген қажеттілігін жоспарлауды, еңбек өнімділігін, персоналға еңбекақы төлеу қорын және әлеуметтік дамуын қарастыру.

### **Тақырып 9. Кәсіпорынның бәсеке қабілеттігін қамтамасыз ету**

Кәсіпорынның бәсеке қабілеттілігіне әсер ететін факторларды және бағалау әдістерін қарастыру.

Кәсіпорындағы өнім сапасын басқару жүйесімен танысу.

Тауарға, өнімге немесе қызметке баға калькуляциясының есепбін, өнімнің немесе қызметтің прайс-парағын тіркеу).

Бағаны реттеу мен жоспарлау механизмін зерттеу. Кәсіпорындағы бағаны бекіту әдістерін қарастыру.

### **Тақырып 10. Кәсіпорын қаржысы**

Кәсіпорын қаржысын, кәсіпорынның қаржылық қатынасының қалыптасу формасын зерттеу. Кәсіпорынның қаржылық қызметін ұйымдастырумен танысу.

Кәсіпорынның қаржылық жоспар жүйесімен танысу. Кәсіпорынның шығыс мен кіріс балансымен, оны құру әдісімен танысу.

Кәсіпорынның қаржылық ресурсын қалыптастыру көздерімен және қарыз қаражатын алу тәсілдерімен, несие берумен танысу.

## **8. ӨНДІРІСТІК ПРАКТИКА БОЙЫНША ЕСЕПТІ ҚҰРАСТЫРУ БОЙЫНША ӘДІСНАМАЛЫҚ НҰСҚАУЛЫҚТАР**

**Есептің мазмұнына талаптар практика бойынша есепті құрастыру бойынша әдіснамалық нұсқаулықтарда жазылған.**

Есептің көлемі жазу машинасы мәтіні бойынша 25 беттен кем болмауы керек және ол 14 (Times New Roman) шрифті бойынша 1 интервал сайын баспаланады. Абзацтық шегіну мөлшері 1 см құрайды. Есеп мәтіні қатаң түрде келесідей талаптарға сәйкес рәсімделеді: мәтін А4 форматтағы стандартты беттің бір жағына түсінікті етіп келесідей шектер бойынша: оң жақтан – 1 см, сол жақтан – 3 см; жоғары жақтан – 2см, төмен жақтан – 2,5 см, барлық беттер нөмірленеді және мазмұнында көрсетіледі.

Беттерді нөмірлеу алмаспау қажет, Нөмір араб цифрларымен беттің төменгі жағына ортасында белгіленеді.

Тәжірибе нәтижесі бойынша білім алушы есепті белгіленген кафедраға тапсырады, ол болса Ф.П-112-12 формадағы студенттердің кәсіптік тәжірибе өту туралы журналына тіркеледі және университет тарапынан жетекшімен тексеріледі.

## **9. ТӘЖІРИБЕНІ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ**

Студент тәжірибені өткені туралы есебін кафедра меңгерушісінің ұйғарымымен жасаған комиссияның алдында қорғайды.

**Тәжірибеге келмеген, тәжірибе бағдарламасын орындамаған, жұмысы туралы теріс пікір немесе тәжірибе жетекшісінің кәсіпорыннан қанағаттанғысыз бағасын алған немесе есепті қорғағанда, есепті уақытында тапсырмаған студент қайта оқу курсына немесе жазғы семестрге жіберіледі.**

Есепті қорғау нәтижесі баллдық-рейтингтік, әріптік жүйе бойынша бағаланады. Тәжірибе бойынша қорытынды бағаның 40% кәсіпорынның тәжірибе жетекшісінің бағасы және 60% есепті қорғау бойынша комиссияның бағасы арқылы есептелінеді.

## 10. ҚОСЫМША

1 қосымша - Кәсіптік тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі

Ф.П-112-05

<b>БЕКІТЕМІН</b> Экономика және кәсіпкерлік кафедрасының меңгерушісі PhD., доцент _____ К. А.Невматулина	<b>КЕЛІСІЛДІ</b> Кәсіптік тәжірибе жетекшісі _____ _____ Т.А.Ә.
«    »                                    20    ж.	«    »                                    20    ж.

### Тәжірибенің жұмыс жоспар-кестесі

\_\_\_\_\_ БББ \_\_\_\_\_ тобы  
\_\_\_\_\_ курс білімгері \_\_\_\_\_  
(Т.А.Ә.)

### Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті

№	Бағдарламаға сәйкес орындау (зерделеу) қажет жұмыстар тізбесі	Тәжірибе бағдарламасының орындалу мерзімдері		Ескерту
		басталуы	аяқталуы	
1				
2				
3				

Т.А.Ә.қолы \_\_\_\_\_  
(кафедрадағы тәжірибе жетекшісі)

«    »                                    20    ж.

**2 Қосымша** Тәжірибе өту есеп - күнделігі/дневник отчет прохождения  
практики

Ф.П-112-06  
Форма 1

**ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

\_\_\_\_\_кафедрасы/кафедра

\_\_\_\_\_тәжірибе өту

**ЕСЕП - КҮНДЕЛІГІ  
ДНЕВНИК - ОТЧЕТ**

**Прохождения \_\_\_\_\_практики**

Студент/студента \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

\_\_\_\_\_курсы/курса \_\_\_\_\_тобы/группы

\_\_\_\_\_оқу түрі/формы обучения

БББ/ ОП \_\_\_\_\_

**ҚАРАҒАНДЫ 20\_\_\_\_\_**

**ТӘЖІРИБЕ БАЗАСЫ ЖӘНЕ ЖЕТЕКШІСІ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ  
МӘЛІМЕТТЕР**

**ОБЩИЕ СВЕДЕНИЯ О БАЗЕ И РУКОВОДИТЕЛЯХ ПРАКТИКИ**

Тәжірибенің өту орны/место прохождения практики

---

*(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)*

Тәжірибенің басталуы/начало практики \_\_\_\_\_

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики \_\_\_\_\_

Кәсіпорыннан (кәсіпорын атынан) тәжірибе жетекшісі (аты-жөні, тегі, лауазымы, білімі, еңбек өтілі)/Руководитель практики от предприятия

---

*(фамилия, имя, отчество, должность, образование, стаж работы)*

Университеттен (университет атынан) тәжірибе жетекшісі(аты-жөні, тегі, лауазымы, ғылыми дәрежесі)/ Руководитель практики от университета

---

*(фамилия, имя, отчество, должность, ученая степень)*

**Студентті кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің сипаттауы**  
**Характеристика студента от руководителя практики предприятия**

---

---

---

---

---

---

---

---

**Т.А.Ә.қолы/Ф.И.О подпись** \_\_\_\_\_

**Кәсіптік тәжірибе бойынша бағалау**  
**Оценка по профессиональной практике**

Студенттің кәсіптік тәжірибесінің кәсіпорыннан жетекшісі кәсіптік тәжірибеден өтуін кестеге сәйкес бағалауы қажет.

Руководителю преддипломной практики студента от предприятия необходимо оценить прохождение преддипломной практики в соответствии с таблицей.

Әріптік жүйе бойынша бағалау  Оценка по буквенной системе	Әріптік бағалаудың цифрлық баламалары  Цифровые эквиваленты буквенной оценки	Меңгерілген білімнің пайыздық құрамы  Процентное содержание усвоенных знаний	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау  Оценка по традиционной системе
A	4,0	95-100	Өте жақсы Отлично
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы Хорошо
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық Удовлетворительно
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
FX	0	26-49	Қанағаттанарлықсыз Неудовлетворительно
F	0	0-25	

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы/оценка руководителя практики от предприятия \_\_\_\_\_

Тәжірибе жетекшісінің аты-жөні, лауазымы/Ф.И.О. руководителя практики, должность \_\_\_\_\_

Қолы/Подпись \_\_\_\_\_ **М.П.**

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ г.

**3 Қосымша** -Жазбаша есептің титул беті/Титульный лист письменного отчета по практике

**ҚАЗҒҰҒАНЫҒА ҚАРАҒАНДЫ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАРАГАНДИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ  
КАЗПОТРЕБСОЮЗА**

**Өндірістік тәжірибе өту  
ЕСЕБІ  
ОТЧЕТ**

**Прохождения производственной практики**

Студент/студента \_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты/ фамилия, имя, отчество)

Тобы/группа \_\_\_\_\_

Тәжірибенің өту орны/Место прохождения практики

\_\_\_\_\_  
(ұйымның, кәсіпорынның атауы/наименование организации, предприятия)

Тәжірибенің басталуы/начало практики \_\_\_\_\_

Тәжірибенің аяқталуы/окончание практики \_\_\_\_\_

Есепті тәжірибе жетекшісі қарастырды/Отчет рассмотрен руководителем  
практики от университета

\_\_\_\_\_  
(тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, атағы/ Ф.И.О., должность, звание)

Есеп қорғалды/ Отчет защищен \_\_\_\_\_  
(баға/оценка)

Кәсіпорыннан тәжірибе жетекшісінің бағасы/  
Оценка руководителя практики от предприятия \_\_\_\_\_  
(баға/оценка)

Қорытынды баға/Итоговая оценка \_\_\_\_\_  
(баға/оценка)

Комиссия \_\_\_\_\_  
(Ф.И.О., қолы/подпись)

\_\_\_\_\_  
(Ф.И.О., қолы/подпись)

\_\_\_\_\_  
(Ф.И.О., қолы/подпись)

« \_\_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_\_ ж./г.



**Құрметті әріптес!**

Біз, университетіміздің студенттері мен түлектері үшін жұмыс беруші ретіндегі Сіз басқарып отырған ұйымның үлесін жоғары бағалаймыз. Осымен байланысты ЖОО-ның басшылығына, біздің жоғары оқу орнының мамандар даярлау сапасына қатысты Сіздің сараптамалық пікіріңізді білу маңызды болып саналады. Сондықтан Сізден төмендегі сұрақтарға шынайы жауап беруіңізді сұраймыз (өзіңіз таңдаған жауап нұсқасына қанатбелгісін қойыңыз). Сіздің жауаптарыңыз, ұсынымдарыңыз түлектерді неғұрлым сапалы кәсіби даярлауға көмектеседі. Алынған ақпарат айрықша түрде еңбек нарығын болжауға және жұмыс берушілердің мамандарға қоятын талаптарын анықтауда пайдаланылатын болады.

Ұйымның атауы \_\_\_\_\_

Қызмет аясы \_\_\_\_\_

ТАӘ \_\_\_\_\_

Лауазымы \_\_\_\_\_

Тел \_\_\_\_\_

E-mail \_\_\_\_\_

1. Сіздің ұйымның қызметкерлер саны қанша?  
\_\_\_\_\_
2. Бүгінгі күнге Сіздің кәсіпорынның, мекеменің біздің түлектердің қандай мамандықтарына сұранысы бар?  
\_\_\_\_\_
3. Сіздің мекемеде, кәсіпорында, ұйымда Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті түлектері жұмыс істейтін болса, онда қандай бағыттарда жұмыс істейтінін атап көрсетіңіз  
 иә,  
 жоқ;  
 жауап беруге қиналамын.  
 өзге \_\_\_\_\_
4. Сіз жылына қанша түлекті (ЖОО-ны соңғы 1-2 жыл ішінде кімдер бітірді, соларды) жұмысқа қабылдайсыз?  
\_\_\_\_\_
5. Әртүрлі мамандықтар бойынша ҚҚУ түлектерінің даярлық деңгейі Сізді қанағаттандыра ма? Түлектерді даярлаудың қандай мықты және әлсіз жақтарын атап көрсете алар едіңіз (мысалы кәсіптік даярлық, ұжыммен қарым-қатынас жасай білу, талдамалық дағдылар, дербестік, бастамашылдық және т.б.)  
\_\_\_\_\_
6. ҚҚУ түлектерінің білімін, Сіз өз компанияныңыздың қажеттіліктеріне сәйкес келеді деп санайсыз ба?  
\_\_\_\_\_

- толығымен қанағаттандырады;
  - жалпы алғанда, қанағаттанарлық, бірақ жұмыс орнында "үйрену" қажеттілігі бар;
  - құзыреттіліктің төмен деңгейіне байланысты сәйкес келмейді;
  - толық сәйкес келмейді;
7. Оның алдындағы жылдармен салыстырғанда қазіргі уақыттағы ҚҚУ түлектерінің даярлық деңгейін Сіз қалай сипаттаған болар едіңіз, Сіз түлектердің даярлық деңгейінің жоғарылығын немесе төмендігін атап көрсетесіз бе (қандай мамандықтар бойынша, қандай аспектілерде)? \_\_\_\_\_
- 
8. Сіздің кәсіпорында үміткерлерді іріктеудің стандарттық жүйесі қолданыла ма, егер қолданылса, онда қандай екенін сипаттаңыз. Бұл жүйе мамандар үшін \_\_\_\_\_ қандай \_\_\_\_\_ салаларда қолданылады? \_\_\_\_\_
- 
9. Сіздің кәсіпорыңға, мекемеге үміткерлерді іріктеу кезінде бірінші кезекте Сіз қандай *жалпы кәсіби* білікті ескересіз, неге екенін нақтылаңыз?
- қазақ және орыс тіліндегі сауаттылық;
  - шет тілдерін білу;
  - іскерлік хат жазысуларды сауатты жүргізе білу қабілеті;
  - бизнес-үдерістерді және ұйымдардағы олардың өзара байланыстарын түсіну;
  - коммуникацияны құра білу;
  - өзге \_\_\_\_\_
10. Сіздің кәсіпорыңға, мекемеге үміткерлерді іріктеу кезінде бірінші кезекте Сіз қандай *коммуникациялық* біліктерді ескересіз, неге екенін нақтылаңыз?
- өз ойын анық білдіру және өз ұстанымын табандылықпен сыпайы қорғай білу;
  - ұжымда байланысты жолға қою қабілеті;
  - ұжымдық мақсаттарға жету үшін командада жұмыс жасай білу;
  - компанияның контрагенттерімен байланыс жасай білу қабілеті;
  - келіссөздер жүргізе білу;
  - өзге \_\_\_\_\_
11. Сіздің кәсіпорыңға, мекемеге үміткерлерді іріктеу кезінде бірінші кезекте Сіз қандай *мінез-құлық* сипаттамаларын ескересіз, неге екенін нақтылаңыз?
- корпоративтік нормаларға сәйкестік;
  - жауапкершілік;
  - тәртіптілік;
  - нәтижеге бағытталған мақсаткерлік;
  - жұмыс уақытын тиімді пайдалана білу;
  - қосымша және стресстік жағдайларда жұмыс жасай білу қабілеті;
  - өз бетінше шешім қабылдай білу;

- мансаптық және кәсіби өсуге мақсаткерлік;
  - бастамашылдық, дербестік;
  - өзге \_\_\_\_\_
12. Сіздің кәсіпорынға, мекемеге үміткерлерді іріктеу кезінде бірінші кезекте Сіз өзін-өзі дамытудың қандай талдамалық сипаттамалары мен қабілетін ескересіз, неге екенін нақтылаңыз?
- жаңа білім мен қиын ақпаратты тез меңгеру қабілеті;
  - ойлаудың жүйелілігі;
  - қабылданатын шешімдердің салдарларын білушілік қабілеті;
  - жаңа идеялар беру қабілеті;
  - талдау және синтездеу қабілеті;
  - ақпаратты жинау және бағалай білу;
  - ақпаратты тиімді басқару;
  - балама және шешім таба білу;
  - себеп-салдарлық байланыстарды анықтау;
  - дамыған логикалық ойлау;
  - дәлелдер келтіре білу / контраргументтер;
  - өзге \_\_\_\_\_
13. Оларды жұмысқа қабылдау үшін Сіз маңызды және қажет деп санайтын құзыреттерге түлектердің ие екенін, Сіз қалай анықтайсыз? Белгілі бір құзыреттердің бар екенін растайтын құжаттарды (дипломдарды, сертификаттарды) табыс ету қажет пе? \_\_\_\_\_
14. Сіздің кәсіпорынға, мекемеге жұмысқа орналастырудың және жұмысқа орналастырудан бас тартудың негізгі себептерін атаңыз? \_\_\_\_\_
15. Сіздің ұйым жұмысының бейіні бойынша мамандар даярлайтын ҚҚУ-мен ынтмақтастықтың қандай формаларын Сіз неғұрлым болашағы зор деп санайсыз?
- өндірістік тәжірибе;
  - бірлескен оқу курстарын, бағдарламаларын әзірлеу;
  - сіздің компанияңызда жобалар бойынша жұмысқа студенттерді тарту;
  - сіздің мамандарыңыздың оқу үдерісіне қатысуы;
  - тәжірибе базасында өткізілетін сабақтар;
  - өзге \_\_\_\_\_
16. Сіздің кәсіпорын (мекеме) үшін маңызды мамандықтар бойынша оқу бағдарламаларын әзірлеуге және жастардың кәсіби оқуын жоспарлауға қатысуға Сіз қызығушылық танытасыз ба, егер иә деп жауап берсеңіз, онда қандай формада? Егер жоқ деп жауап берсеңіз, неге екенін түсіндіріңіз.
- иә;
  - жоқ, (неге) \_\_\_\_\_
17. Сіздің кәсіпорын, мекеме мамандықтарының бейіні бойынша Қазтұтынуодағы Қарағанды университеті студенттерінің өндірістік және

диплом алдындағы тәжірибелеріне қатысуға Сіз қызығушылық танытасыз ба? Қандай жағдайларда екенін нақтылаңыз (тәжірибеден өтетін студенттерге еңбекақы төлеусіз, олардың еңбегін ішінара немесе толық төлей отырып, қандай мерзімге)\_\_\_\_\_

---

18. ҚҚУ-мен ынтымақтастық жасауда Сіз әлеуметтік әріптестіктің қандай формасына дайынсыз?

- ақпараттық ынтымақтастық;
- сіздің кәсіпорынның, мекеменің тапсырысы бойынша студенттерді мақсатты кәсіби даярлау;
- түлектерді жұмысқа орналастыру;
- студенттердің өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден өтуі үшін жұмыс орындарын беру;
- өзге \_\_\_\_\_

19. Біздің ЖОО-да кадрлар даярлау сапасына қатысты, егер сіздің қандай да бір қосымша тілегіңіз немесе ескертуіңіз бар болса, оны еркін формада баяндауыңызды сұраймыз:\_\_\_\_\_

---

Қолы \_\_\_\_\_ «\_\_\_\_» \_\_\_\_\_ 20\_\_ жыл

***Сауалнамаға қатысқаныңыз үшін алғыс білдіреміз!***